

№ 163 орта мектеп

5-сынып

“Өзін-өзі тану” пәні

Пән мұғалімі: Г. Корпебаева



Тақырыбы:

Сабырлық пен ұстамдылық.





Мектеп №163

Мерзімі: 18.02.2014

Тақырыбы: Сабырлылық пен ұстамдылық

Құндылық: Дұрыс іс-әрекет

Қасиеттер: Жағымды ой, жақсы сөз, тәртіп

Мұғалім: Корпебаева Гүльжан

Сынып: 5

Оқушы саны: 28





Саббақтың мақсаты:

«Сабырлылық» және
«Ұстамдылық» ұғымдарының
құндылығы мен
маңызын ашу.



Сабақтың міндеттері:

-Сабырлылық, ұстамдылық, және мінез-құлық мәдениеті туралы түсінік беру;

-Адамдардың дұрыс қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту;

-Өзін құрметтеу, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу;



Сабақтың барысы:
I. Ұйымдастыру кезеңі

Тәртіп

Талап

Тыныштық

Тазалық

Татулық



II. Тыныштық сәті (2-5 минут)

Баяу сазды әуен қосылып қойылады. Балалар, ыңғайланып отырындар көзімізді жұмамыз. Ішімізден сабырлы болу жолдарын ойланамыз. «Менің сабырлы, ұстамды болғым келеді. Мен үйде де, аулада да, мектепте де өзімді сабырлы ұстаймын, еш нәрсеге ренжімеймін. Ақырын басып, баппен сөйлеп келе жатқан өзімді сыртымнан көріп тұрмын. Ол сондай жарасымды, тартымды екен. Маған сабырлы, ұстамды болған өте ұнайды.»



Back to School

III. Үй тапсырмасын тексеру.

Тапсырма

Сабыр түбі-сары алтын. Аңыз әңгіме.

Екі патша неліктен келіспей қалды.

“Сабыр түбі –сары алтын” дегенді қалай түсінесіңдер?



IV. Дәйексөздер:

**«Ұстамдылық -әдептің ұстазы,
Ұстамсыздық-әлектің нұсқасы».**

Халық мақалы



Ү.Әңгімелеу (мұғалімнің сыйы)

Ы. Алтынсарин. Асыл шөп әңгімесі

Зылиқа мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға сатуға келе жатыптымыс. Зылиқа аһлап-уһлеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатыпты. Сонда Зылиқа айтыпты:

-Сен неге мәз болып қуанып келесің? Төбеңдегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес. Өзің де менен күшті емессің.

-Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір асыл шөп салдым, - депті Бәтима.

-Ай, ондай болса, шөбіңнің атын айтшы, мен де жүгімді жеңілдетейін, - депті Зылиқа.

-Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, ал іздегің келсе, аты «сабыр» деген, - депті Бәтима.

Сергіту сәті

Шаршадым «Уһ!» дедім,
Ренжідім «Туһ!» дедім,
Қорықтым «Ой!» дедім,
Өкіндім «Аһ!» дедім,
Шарасыз «Еһ!» дедім,
Таңырқап «О!» дедім,
Кейідім «И!» дедім,
Біліп ап «Е!» дедім,
Қуанып «Ха-ха-ха!» дедім.





ҮІ.Шығармашылық жұмыс.

**Жан жарасы жазылмайды
аңыз әңгімені оқып, мәтінге
байланысты балалар сурет
салады, ойланып дәйексөздер
жазады.**

ҮІІ. Топпен ән айту.

Бақытты балалық шақ

Сөзі: Ж. Тұрбековтікі,

Әні: Ә. Есбаевтікі

Жарастықпен жайнатып өмір көркін,
Гүл-бақшада сайрандап өскен еркін,
Шат көңілді, бақытты ел ұланымыз,
Келешекте ұлы істі меңгеретін. (2 рет.)

Отанымыз әлпештеп анадайын,
Құшақтайды аялап сағат сайын.
Зәулім мектеп, кең сарай, түрлі алаң,
Не керектің біз үшін бәрі дайын. (2рет.)


Білім шыңын өрлейміз басып алға,
Қиындық жоқ, бөгеліс жолымызда.
Салтанатпен сап түзеп, ән шырқаймыз,
Көк туымыз желбіреп қолымызда. (2рет.)



ҮШ.Қорытынды:

**«Асығыс түбі өкініш, ойланып алмақ-
сабыр сол».**

**Сабырлы және ұстамды адам
басқаның сөзін байыппен тыңдайды,
өз ашуын тежей біледі, әр ісін ойлап,
ақылмен шешеді.**



**Жігер деген – МЕН.
Күш деген – МЕН.
Махаббат деген – МЕН.
Кешірім деген – МЕН.
Жастық деген – МЕН.
Денсаулық деген – МЕН.
Ақылдылық деген – МЕН.
Жарқындық деген – МЕН.
Сабырлылық деген – МЕН.
Бар ғажайып деген – МЕН.
Бәрі маған байланысты,
Бәрі менің қолымда.**





IX. Үйге тапсырма

Дәптердегі 1, 3 тапсырмаларды
орындау.

23-сабақ Адал бала мәтінді
оқып келу.

Х. Соңғы тыныштық сәті

Баяу әуен қосылады. Балалар денемізді тік ұстап, еркін отырамыз. Қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Көзімізді жұмамыз. Балалар бүгінгі сабағымызды есімізге түсірейікші. Біз бүгін не білдік, не үйрендік сол туралы ойланайық. Жақсы ойларымызды жүрегімізде сақтайық. әрқашан жақсылықта, амандықта болайық.



Тыңдағандарыңызға рахмет!

